



# ОЗЕН

## ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫЛАР!

**Сіздерді «Өзенмұнайгаз» компаниясының құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

Өздеріңізге мәлім, 1964-жылдың 15-шілдесінде Өзен мұнай кәсіпшілігі құрылып, алғашқы басшысы болып атақты мұнайшы Рахмет Өтесінов тағайындалды

Осы жылдар ішінде ерен еңбектің арқасында өндірілген миллиондаған тонна «қара алтын» ел игілігіне жұмсалды. 55 жылдық тарихы бар компанияның дамуына үлес қосып, бүкіл саналы ғұмырын «Өзен» кенорнының игерілуіне жұмсаған Ғазиз Әбдіразақов,

Төреғали Қадыров, Нәсіпқали Марабаев, Бақтыбай Қужалов, Болатбай Қарамұрзаев, Тынышбай Опиев,

Нәсіпқали Әлмағанбетов, Ізбасар Құлжұмыров, Қуанышнияз Тоқбанов сияқты ардагер-мұнайшылардың еңбегі зор екенін айтпай кетуге болмайды

Компанияның 55 жылдық мерейтойы Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен тұспа-тұс келуіне байланысты мерекелік мәдени-көпшілік, спорттық шаралар мұнайшылардың кәсіби мерекесінде өтеді деп жоспарланып отыр.

Қазақта «кемедегінің жаны бір» деген керемет сөз бар. Әрбір өзенмұнайгаздық кемеңің аман-есен алға жылжи беруіне мүдделі екендігі айтпаса да түсінікті. Алғашқы жартыжылдықтың жоспарын компаниямыз артығымен орындап, атаулы мерекені лайықты қарсы алғалы отыр. Осының бәрі компания еңбек ұжымының ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасында екені даусыз. Ортақ мереке құтты болсын! Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілеймін! Жетістіктерге бірге жетіп, биіктерді бірге бағындырайық!

Қазақта «кемедегінің жаны бір» деген керемет сөз бар.

Әрбір өзенмұнайгаздық кемеңің аман-есен алға жылжи беруіне мүдделі екендігі айтпаса да түсінікті. Алғашқы жартыжылдықтың жоспарын компаниямыз артығымен орындап, атаулы мерекені лайықты қарсы алғалы отыр. Осының бәрі компания еңбек ұжымының ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасында екені даусыз. Ортақ мереке құтты болсын! Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілеймін! Жетістіктерге бірге жетіп, биіктерді бірге бағындырайық!

**Үлкен құрметпен,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
бас директоры  
Есен ӨТЕЕВ**



### А Н О Н С

3



ЖАРТЫ ЖЫЛДА  
ЖАСАЛҒАН  
АУҚЫМДЫ ІСТЕР

4

**АРЫС,  
БІЗ-БІРГЕМІЗ!**

ҚАЙЫРЫМДЫНЫҢ  
ҚАЗАНЫ ОРТАЙМАЙДЫ

5



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ  
ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ  
МІНДЕТ



МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ  
ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ  
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ  
**100,06%**





«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директорының адами ресурстарды басқару жөніндегі орынбасары болып **Мамбетсапаев Бауыржан Сайлаубайұлы** тағайындалды.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директорының техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары болып **Тұрсабеков Өсербай Сансызбайұлы** тағайындалды.



#### Құрақ ТІЛЕУҚҰЛОВ

Өзен кенорнына 1968-жылы 25 жасында келді. 1963-жылы Алматы қаласының Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетін «мұнай және газ кенорындарын игеру және кешенді механизацияландыру» мамандығы бойынша бітіріп шыққан болатын. Еңбек жолын қарапайым оператор болып бастады. 1981-жылы сәуір айынан бастап «Мангышлакнефть» бірлестігінде қабат қысымын реттеуге арналған технологиялық сұйықтық дайындау басқармасының басшысы болып тағайындалады. Ардагер-мұнайшы өзінің майталман маман болып қалыптасуына зор үлес қосқан Рахмет Өтесінов, Сафи Өтебайұлы, Жалғас Смағұлов сынды аға-әріптестеріне шексіз алғысын білдіреді.



#### Ғазиз ӘБДІРАЗАҚОВ

Атақты бұрғышы өзінің еңбек жолын Түбіжік, Қызан, Ақшымырау деп аталатын жерде бұрғышының көмекшісі болды. Ол кездегі жұмыс ауыр болатын. Қатынас жолының жоқтығы, көлік тапшылығы жұмысқа үлкен кедергілер келтіргені ешкімге де жасырын емес. Сол кездегі зертханашылар өзара «Әбдіразақов қай жерді бұрғыласа, сол жерден мұнай шығады» – деп қалжындайтын еді. Бүгінде ардагер-мұнайшының баласы да өке жолын қуып, мұнайшылық кәсіпті таңдады.



#### Ақжан ҚАДЫМОВА

Бүкіл саналы ғұмырын Өзен кенорнының гүлденуіне арнаған Ақжан КПСС XXVI съезіне делегат болып сайланып, сол кездегі Республика басшысы Дінмұхамед Қонаевпен кездеседі. КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақжан «Маңғыстау – Құдайдың нұры жауған ел. Мұндай ел де, жер де еш жерде жоқ. Кіндік қаным тамған Атырауға бүйрегімнің бұратыны рас. Атырауға барғанда мұрным пысылдап, түшкіре бастаймын. Сол кезде тумаластарым «Ақжанның мұрны Маңғыстаудың мұнайы мен газын иіскеп үйреніп қалған ғой» – деп әзілдейді. Маңғыстаудағыдай бауырмалдықты, көргенділікті мен еш жерден кездестіре алмадым. Келіндері қандай ізетті. Ат тергейтін де осы ел. Маңғыстаудың жері де, елі де киелі ғой, шіркін!» – дейді.



#### Болатбай ҚАРАМҰРЗАЕВ

Алғашқы еңбек жолын Қызан, Түбіжік сияқты барлау алаңдарында бұрғышының көмекшісі болып бастады. Өзен кенорнын игеруге белсенді қатысты. Осы алаңда алғашқы мұнай фонтаны атқылаған №1 скважинада еңбек еткен Болатбай ақсақал мұнай көзінің ашылуының куәгері болды. Ардагер-мұнайшының балалары да мұнай саласында жемісті еңбек етіп, ел экономикасының өсуіне мол үлес қосып жүр.



#### Аманкерей ОРЫНБАЕВ:

Сексенінші жылдардың аяғында Ащығар бойында үлкен авария болды. Мұнай жүріп тұрған құбыр қатып қалды. Аяз бен өткір жел жұмысқа кедергі келтірді. Таңертең басталған жұмыс кешке де бітпей, түнге созылады. Күрделі жағдайда басшылықты өз қолына алған Аманкерей жанындағы өзге де жауапты адамдарға: «Бір-бірімізге артық ақыл айтып, кедергі жасаудың қажеті жоқ. «Қойшы көп болса, қой арам өледі». Істі өзім аяғына дейін апарамын», – деп үйлеріне қайтарыпты.



#### Бақтыбай ҚҰЖАЛОВ

Түбекті алғашқы игеруші Бақтыбай Құжалов ел аузында «мұнайшылар қарашаңырағы» аталып кеткен Қызылсай аулында тұрады. Алпысыншы жылдардың басында Өзен кенорнына келген барлаушы-геологтардың ішінде Бақтыбай ақсақал да бер еді. Өзен кенорнынан алғашқы мұнай атқылауды көрген Бақтыбай ақсақал «мұнай атқылаған тарихи сәтті бастан кешкен жігіттердің қуанышында шек болмады. Бас киімдерін аспанға атып, дауыстары қарлыққанша айқайлады» – деп еске алады алыста қалған сағым жылдарын...



#### Ізберген ОСПАНОВ

Таушықтағы Шахта мектебінде оқып, Алматыда институт бітірді. Өзен кәсіпшілігінде еңбек жолын қарапайым оператор болып бастады. №3 МГӨБ-те директор болып жүрген кезде басқарма еңбек ұжымы Одақ мұнайшыларының алды болып, әлденеше рет ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алды. Бұл табыстың өз-өзінен келмегені түсінікті. Өндірістің жүрегі саналатын ОИТҚ тізгінін ұстаған Ізекен жұмысты тиімді, шебер үйлестіре білді. Ісіне мығым, алғыр Ізберген Оспанов «2011-жылдың мұнайшысы» атағына ие болды. Жұмыс деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген Ізекеннің Өзен кенорнының дамуына қосқан үлесі зор.





ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОФИЗИКА

**Мұнай және газ өндіруші кәсіпорын – «Өзенмұнайгаз» АҚ-да Өзен және Қарамандыбас, яғни 2 мұнай-газ кенорны бар. Кенорындарды игере бастағаннан дәл бүгінгі таңға дейін 8828 скважина қазылған. Мұнай скважиналарының пайдалану қоры 3904 скважинаны, су скважиналарының пайдалану қоры – 1265 скважинаны құрайды.**

# ЖАРТЫ ЖЫЛДА ЖАСАЛҒАН АУҚЫМДЫ ІСТЕР

беруде, 6 айдың қорытындысы бойынша 267 скважина өңделді.

## КЕНОРЫНДАРЫН БАРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

2019-жылдың 1 жарты жылдығында Аймақтық және іздеу геологиясы департаменті №3579 16.06.2010 жылғы келісім-шартты мемлекетке қайтару үшін материалдарды дайындау және Өзен мен Қарамандыбас кенорындарында 3D-сейсмикалық өңдеу жұмыстарын жүргізді. Өзен мен

Қарамандыбас кенорындарының жетілдіре барлау мақсатында НурегBeam технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортаның бастапқы тереңдігі жылдамдығының моделін құру, луч алгоритмі және Кирхгофф алгоритмі бойынша қоныс аудару жұмыстары жасалды. Жалпы, бұл – жоғары дәрежедегі сейсмикалық деректерді өңдеу және интерпретациялау жұмыстарын мезозой және палеозой шөгінділерінің геологиялық құрылымын зерттеу, Өзен және Қарамандыбас кенорындарындағы қорларды қайта есептеу үшін жүргізіледі. Аталмыш жұмыстар қорларды өсіру және толықтыру мақсатын ұстанады.

## ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Кенорындарды игеру барысында ғылыми-зерттеу жұмыстары негізгі рөл атқарады. Сол себепті, бұл маңызды бағыт бойынша нақты жоспарлы іс-шаралар күн тәртібінен түскен емес. Жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға назар аударар болсақ, нақтылау нәтижелерінің дұрыстығын талдау мақсатында ГЗЖ материалдарын жедел түрде өңдеу және қорытынды беру міндеті қойылған болатын. Осы бойынша, мердігер геофизикалық мекемелердің жұмыс сапасы мен талдауын анықтау үшін жедел түрде жабық оқпандағы 197 геофизикалық зерттеулердің қорытындысы, сондай-ақ, 2018-жылдың желтоқсан айында және 2019-жылдың 1-ші жартыжылдығында бұрғыланған 120 скважинаның ГЗЖ материалдары қайта өңделді.

Ал, Өзен кенорны 13-24 қабаттары бойынша 4230 скважинасының геофизикалық материалдарды қайта өңдеу жоспары аясында соның 2110 скважинаның геофизикалық материалдары қайта өңделіп, тиісті материалдары тапсырылды. Аталған жұмыс көлемі қазіргі таңда жоспарлы орындалуда.

Өзен кенорнының мұнай және еріген газдың С2 санатынан өнеркәсіптік жабдықтау С1 санатына аудару үшін «ӨМГ» АҚ 2019-жылдың өндірістік бағдарламасымен Өзен және Қарамандыбас кенорындарында «ҚМГ Инжинирингі ҚазГЗЖИмұнайгаз» ЖШС «Өзен кенорнының мұнай және еріген газдың С2 санатынан өнеркәсіптік жабдықтау С1 санатына аудару» жұмыстары жүргізілді.

Ең соңғысы, яғни Қарамандыбас кенорнының нақты зерттелмеген учаскілерін жете барлауға ұсыныстар беру, геологиялық құрылымын нақтылау және Өзен кенорындағы, Парсумурун 18 көкжиектің ортаңғы юралық шөгінділерінің өнімділігін анықтау және құрылысын зерттеу шарасы қолға алынып, «Қарамандыбас кенорнының нақты зерттелмеген учаскілерін жете барлауға ұсыныстар беру және геологиялық құрылымын нақтылау» және «Өзен кенорындағы, Парсумурун 18 көкжиектің ортаңғы юралық шөгінділерінің өнімділігін анықтау және құрылысын зерттеу» жұмыстары жасалды. Жалпы айтқанда, геолого-геофизикалық және кәсіпшілік материалдарды жинау және жүйелеудің бірінші кезеңі өз мәресіне жетті.



## ҚОР МҰНАЙЫНЫҢ ҚУАТЫ

Өзен және Қарамандыбас кенорындарында атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсақ, 2019-жылдың 1-ші жартыжылдығында жүргізілген мұнай және су скважиналарын бұрғылау бойынша 143 075 м. тау жыныстары қазылып, 98 скважиналары бұрғылаудан тапсыру жоспарланған болатын. Нәтижесінде, бұл көрсеткіштер артығымен орындалып, яғни 150 965 м. қазылып, 104 скважина (77 мұнай, 27 су айдау) бұрғылаудан қабылданды. Қазылу тереңдігі бойынша жоспар орындалысы 105,5% және скважиналарды бұрғылаудан қабылдау бойынша 106,1% құрады. 2019 жылдың бұрғылау кілемшесінен қабылданған мұнай өндіру скважиналарының орта тәуліктік өнімі 12,4 тн/тәу., ал жоспары 10,8 тн/тәу. 2019 жылдың 1-ші жартыжылдығында бұл скважиналар бойынша 60,445 тонна мұнай өндірілді.

Сонымен қатар, 6 айда «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 459 скважина күрделі жөндеумен бітіру жоспарланып, нақты 523 скважина біткен. Олар 361 мұнай және 162 су скважинасы. Осы күрделі жөндеумен біткен скважиналардың қосымша қосқан мұнай өнімі 11 415 тонна болды, ал жоспар 13 932 тонна болатын. Ал, су айдау скважиналары жер асты қабатында жинақталып айдалған су көлемі 1 523 329 м³, орташа тәуліктік 1 ұңғыға өсімі 164 м³ құрайды.

## ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МҰНАЙ-ГАЗ КЕНОРЫНДАРЫН ИГЕРУДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Қоғам бойынша тәуліктік мұнай өнімін орындау мақсатында кешенді іс-шаралар жасалып, оның жүзеге асуы бақыланып, қадағаланып отырады. Оның ішінде қозғалыс қордағы скважиналардың техникалық жағдайын, атап айтқанда, ұңғының ақауын жою үшін 114мм. қосымша тізбек түсіру және шегендеумен бекіту жұмыстары жүргізілуі барысында пайдалану құбырының ақауын және сұйық келу кескінін анықтау геофизикалық зерттеулер артығымен жүргізіледі.

2019 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша геофизикалық зерттеулердің орындалысы – 1655 скважина, жоспарда – 1712-сі болған. Ағымды жағдайдағы пайдалану құбырының сыртындағы цемент сапасын және қалыңдығын, құбыраралық ағысын және пайдалану құбырының ақауын, қабаттың қабылдау қабілетін және азот компрессор арқылы қабаттан келіп тұрған сұйық түрін анықтау, ЖЖЖ және КЖЖ

кезінде локатор муфтымен ұңғы түбін соғу, жарылғыш пакер орнату жоспардан артық орындалған зерттеулер мен жұмыс түрлері болды.

Жаңа скважиналарды бұрғылау, қабатты су арнымен жару (ҚСАЖ-ГРП), қосымша және қайта ату жұмыстары мен күрделі жөндеу жұмыстары бойынша барлығы 281 скважина жоспарланып, орындалысы 356 скважинаны құрады. Аталған іс-шаралардың орындалысы нәтижесінде 148 мың тонна қосымша мұнай өнімі өндіріліп, бекітілген жоспардан 45 мың тонна мұнай артық орындалды.

Қозғалыстағы скважиналар қоры бойынша ҚСАЖ жұмыстары 99 скважинада жүргізіліп, қосымша алынған мұнай өнімі 95 мың тоннаны құрап отыр, (жоспар 64 скважина, қосымша мұнай өнімі 63 мың тонна). Сонымен қатар, ағымдағы жылы жаңадан енгізілген технологиялардың бірі, аз тоннажды скин-ҚСАЖ (скин-ГРП) 38 скважинада жүргізіліп, қосымша өндірілген мұнай көлемі 14 мың тоннаны құрады, 1 скважинаға шаққандағы қосымша мұнай өнімі тәулігіне 5,1 тоннаға жетті.

Қабаттың мұнай өнімін арттырудың тағы бір тәсілдерінің бірі болып ату-жару жұмыстары есептеледі. Атап айтсақ, ату аралықтарын қайта ату және кенорнының игеруінде болмаған қабатты қосымша ату жұмыстары жатады. Осы жұмыс бойынша 2019-жылдың 1-ші жартыжылдығында тиімділік талдауына сай жерасты жөндеу жұмыстары (ЖАЖ) көмегімен қайта атуда жоспарлы – 9,469 тн. орнына – 8,776 тн. және қосымша атуда жоспарлы – 10,308 тн. орнына – 15,455 тн. мұнай өнімі алынды.

Сонымен, жыл басынан бері ату-жару жұмыстарынан барлығы қосымша мұнай көлемі – 4,453 тн. құрайды.

Су айдау скважиналарында ату-жару (қайта және қосымша ату) жұмыстары 109 скважинада орындалған болатын. Қайта ату жұмыстарынан кейін скважиналардың орташа тәулік қабылдауы – 94м³/тәу, ал қосымша атуда – 115 м³/тәу. құрайды.

Өзен және Қарамандыбас кенорындарында басты мәселелердің бірі болып саналатын, скажиналардың сулану көрсеткішін бір қалыпты ұстау және төмендету мақсатында, арнайы полимер айдау арқылы су ағымын шектеу (ПОТ) технологиясы жүргізіліп келеді. Ағымдағы жылдың 1-жартыжылдығында аталған технология 70 скважинада жүзеге асырылды. 36 су айдау скважиналарының айналасы бойынша тиімділік талдауы жүргізіліп отыр, 1(бір) ұңғының орташа тәулік өнімі 4,5 тн мұнайды құрайды. Су айдау скважиналарында аталған технология көмегімен, су айдау кескінін теңестіру және тоқтату жұмыстары тиімді жүргізілуде. Ағымдағы жылдың аяғына дейін жоспарланған көрсеткіштер толықтай аяқталуы күтілуде.

Қосымша жыл сайынғы, скважиналардың түп аймағын химиялық өңдеу жұмыстары (ВУВЭ, ЭКВ, МГРП) өз нәтижесін



**Шолпан ПАНГЕРЕЕВА,**  
«Өзенмұнайгаз»  
АҚ бас директорының  
геология және игеру жөніндегі  
орынбасары





## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ АТҚАРҒАН ИГІ ШАРАЛАР



### ҚАРТТЫ КӨРСЕҢ – ҚАДІР ТҰТ

Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Озен кенорнына 55 жылдығы мерейтойы аясында «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы бір топ ардагер- мұнайшыларға «Кендірлі» демалыс аймағында бір күндік демалыс ұйымдастырды.

«Қартты көрсен – қадір тұт» демекші, ардагерлерге арналып мерекелік қонақасы берілді. Мерекелік кешке қатысқан аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев пен Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай бас директор Есен Өтеевтің құттықтауын жеткізді. Бауыржан Сайлаубайұлы дастархан басында ардагер ағаларымен жараса отырып, компанияның бүгінгі

тыныс-тіршілігіне шолу жасап, жасалынып жатқан жұмыстарға, компания жетістіктеріне тоқталып өтті.

«Компанияның бүгінгі жеткен жетістігінде әрқайсыңыздың сіңірген еңбегіңіз бар. Біз Сіздерді мақтан тұтамыз. Өздеріңіз салып берген жолды жалғастырып келеміз. Компанияның бүгінгі, кешегі өздеріңіз жасаған істің арқасы екендігін біз жақсы түсінеміз» – деді аппарат жетекшісі.

Көңілді кешті жыршы-термеші, ЖБД маманы Арғын Бисенов жеті қайқының және

халық әндерімен бастап, жыраулардың жырымен жалғады. Аталар сөзімен сусындаған ардагерлер рұхтанып, Төлеген Бекмағанбетов «қонақ кәдеге» екі күй тартса, Талғат Үсенов ән шыраққады. Әннің тартымды болғандығынан барша қонақтар өнге қосылып, ардагерлер хорының ғажап көрінісі болды. «Ән-көңілдің ажары» демекші, ән салған ақсақалдар көңілденіп, жасарып кеткендей әсер қалдырды.

Өздеріне құрмет көрсеткен компания басшыларына риза болған зейнеткерлер шексіз алғысын білдірді. Барлық тілектің түйіні ретінде Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Асылбек Айдаров бата берді.

МЕШІТ САЛУ – САУАПТЫ ІС!



Мешіт Алланың үйі. Кімде-кім Алланы еске алуға, мешітке қадам басса оның әр қадамына періште қолын тосады. «Мешіт-сауаптың сарқылмас көзі» – екені сөзсіз.


Пайғамбарымыз хадисінде кім мешіт пен көпір салса, құдық қазса, оны ел пайдаланса, оның сауабы үздіксіз жалғасып тұратыны айтылады.

«Адамдар таң намазының сауабын білсе, мешітке еңбектеп келер еді» – деген хадис бар. Ауылда азан айтылып, имандылық нұры шашылып, жастар жаңылмас жолға түссін-деген ниетпен Оңды аулында мешіт салыну қолға алынды. Оңды аулының тумасы, ел азаматы Жәнібек Қожық мұрындық болған бұл бастамаға облыс көлемінде көмек қолын созушылар көптеп табылуда.

Игілікті шараға компаниямыздың бас директоры Есен Өтеевтің ұйымдастыруымен өзенмұнайгаздық мұнайшылар да өз үлесін қосып, 2 000 000-ға (екі миллион) жуық ақша жинап, арнайы есеп-шотқа аударды.

«Алла тағалаға қаланың ұнайтын жері мешіт салынған жер» – деген Пайғамбар хадисін түсініп, Алла тағалаға ұнайтын үйді салуға атсалысып жүрген мұнайшылар ел ықыласына бөленіп отыр.

## ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАРҒА АЛҒЫС АЙТАМЫН



Шілде айының 12-жұлдызынан бастап Темір Баба әулие қорымында күрделі жөндеу жұмысы басталып кетті. «Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен қасиетті қауымның ескі қоршаулары жаңартылып, асхана есігі ауыстырылып, қазандықтар қайта қаланып, мешіт пен қонақ үй әктеліп, сырланып, жаңа линолеумдер төселінді. Айналасы күл-қоқыстан, қалдық тастардан тазартылды. Отын

жинайтын сарай бұзылып, компания атынан су жаңа вагон тарту етілді.

Алла тағала «менің достарымды дос тұт» десе, жаратушының жердегі достары әулиелерге зияраттау – сауапты іс, келушілерге жағдай жасау-игіліктің үлкені болмақ.

Темір Баба шырақшысы Қашқынбай «жақында облыс және қала әкімі С.Тұмов пен Ә.Дауылбаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Е.Өтеев келіп, жағдайды көзбен көріп кеткен болатын. Нәтижесінде, ел азаматтарының арқасында киелі орында күрделі жұмыс жүріп жатыр. Жұмысқа компаниядан бірнеше арнайы техникалар мен дәнекерлеуші мамандар бөлінді. Алла қаласа, игілікті іс жуырда аяқталмақ. Жыл сайын көмек қолын созатын басшы бауырларыма көпшілік атынан шексіз алғысымды білдіремін» – деді.

Дүбірлі дүниеде қайғы мен қуаныш, жақсылық пен жамандық, ауыртпалық пен жеңілдік қатар жүретіні белгілі. Осының дәлеліндей жер жүзінде бір мемлекетте су тасқыны болып жатса, бір елдерде өрт шалып, қызыл жалынға оранады. Кейбір таулы аймақтарда жер сілкініп, қар көшкіні орын алады. Табиғат апаты болмаса да, Арыс елдімекенінде оқ дәрі қоймасы жарылып, қайғылы оқиға болғандығын барша қазақстандықтар біледі.

## ҚАЙЫРЫМДЫНЫҢ ҚАЗАНЫ ОРТАЙМАЙДЫ

Осыған орай, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеевтің ұйымдастыруымен шұғыл жиналыс өткізіліп, көмек қолын созам деген мұнайшыларға арыз үлгілері таратылды. Қазіргі таңда, компания бойынша еріктілерден 20 000 000 (жиырма миллион) астам ақша жиналып, Арыс апатынан зардап шегушілердің арнайы есеп шотына аударылды. «Жомарттық пен ерлік егіз қасиет» демекші, қиындыққа қол созғандарға Алланың нұры жаусын!

**АРЫС,  
БІЗ-БІРГЕМІЗ!**

Мен ауыл десе ішер асымды жерге қойып, болашағына алаңдап отыратын жанмын. Ұштаған ауылында дүниеге келіп, балалық шағымды өткізгендіктен ауылым әрқашан да жүрегіме ыстық болып көрінеді. Ауылдың іргесі 1969-жылы ұжымшар негізінде қаракөл қой кеңшарының орталығы есебінде қаланған. Содан бері бұл ауылда бірталай отбасы жайғасып, түнін түзеп отырған берекелі шаңыраққа айналды. Бүгінгі таңда, ауылда екі мыңнан аса халық тұрады. 2015-жылы ауылда жаңадан дәрігерлік амбулатория салынып, халықтың игілігіне пайдалануға берілді. Аулыма мейлінше жиі баруға

## АЛЫС ЖОЛДЫ ЖАҚЫН ҚЫЛҒАН ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚ БАСШЫЛАРҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ



тырысамын. Бәріміз ауылдан шықтық. «Жолдың жайын жүрген біледі» – дегендей, пайдалануға берілгеніне кем дегенде жарты ғасырдан асып жығылатын уақытта жамау көрмеген жолдардың халықты өбден қажытып біткені анық. Әсіресе, шалғай ауылдармен қатынауда жарамсыз жолдар жүйкелі жұқартып-ақ болды. Бұрынғы кезде ауылға қарай баратын жолдың сапасы нашар еді. Шамалыға жеңіл көлікпен бара алмайтын едік.

Ал, жуырда «Өзенмұнайгаз» АҚ басшыларының қолдауымен Ұштаған аулына қарай баратын жол әлдеқайда жақсарып, жөнделді. Жол салу оңай шаруа емес. Бұл үлкен қаржыны және еңбекті қажет ететін күрделі процесс. «Өзенмұнайгаз» АҚ басшы азаматтарының арқасында аулымызға баратын жол 50-60 шақырымға қысқарды.

Жол – кез келген ел экономикасының негізгі өзегі. Жол – ел мен елді байланыстырып тұратын үлкен күретамыр. Аулымызда тұратын ата-анамызды сағынғанда, ендігі кезекте жақсы жолмен барып жүрміз. Желтмес тауы арқылы өтетін Назаржолды жаңартқан, алыс жолды жақындатқаны үшін Ұштаған және Жарма аулының халқы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның барлық басшыларына зор рахметін айтады.

**Абылай ТӨЛЕНҰЛЫ,  
Жаңаөзен қаласының тұрғыны**





# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МІНДЕТ

**«Еңбекті қорғау» жылы болып жарияланғаннан бері де жарты жыл өтті. Осы уақыт аралығында қандай жұмыстар атқарылды? – деген сауалмен «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының Техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Өсербай Тұрсабековпен сұхбаттасқан болатынбыз.**

**– Өсербай Сансызбайұлы, биыл компанияда «Еңбекті қорғау» жылы деп жарияланып, бұл бағытқа көңіл бөлінуде. Тағы қандай іс-шаралар атқарылмақ?**

– Өндірісте орын алып жатқан жұмысшылардың жоғарыдан құлауы, жылдамдық режимін арттыру, т.б. еңбек қауіпсіздігіне байланысты жазатайым оқиғалар көп. «Неге бір оқиға бірнеше рет қайталанатын?» деген сауалдың төңірегінде зерттеу жүргізіп, арнайы жиналыстар өткізіп, 29 бөлім, 97 тармақшадан тұратын іс-шаралар жоспарын бекіттік. Жеті топтан құралған арнайы комиссия құрдық,

үшін айыппұл салмағанша, біз қауіпсіздік ережесін сақтамайтын едік. Олар біздің қалтамызға түскен соң, өзіміз үшін белбеуді де тағып, жарықты да жағып жол ережесін бұзбайтын болдық. Өзендегі өндірістік жағдай да тура сол сияқты.

Бұрын қызметкерлерге арнайы оқытатын мамандар қауіпсіздік ережелерін үйретіп жатса, біреуі телефон шұқылап, екіншісі әңгімеге беріліп, үшіншісі сыртқа шығып кетіп жататын. Оны сырт көзбен талай байқаған едім. Қазір бір мөлiметті дұрыс ұғынбай қалса, емтиханнан сүрінетінін біледі. Сондықтан мұқият зер салып тыңдайды, қосымша сұрақ қояды. Бұл да еңбек өнімділігінің артуына, жазатайым оқиғалардың алдын-алуға жасалған батыл қадам деп есептеймін.

Соңғы алты айдың қорытындысы бойынша GPS жүйесі бойынша жылдамдық режимін асыру тоқтамай тұр. 2017-жылы осы қызметке келгенімде GPS-те жылдамдық режимін арттыру бойынша 42594 оқиға тіркелген еді. Көлік департаменті бекіткен арнайы қағида бойынша жылдамдық режимін бұзғандар, олардың тікелей басшылары, оның үстіндегі бастықтар, тіпті, директор орынбасарына дейін қандай шара қолданылатыны көрсетілген. Ескерту, қатаң ескерту, сыйақыдан қағылу, еңбек келісім шартын бұзу сияқты бөліктерден тұрады. 2017-жылы жылдамдық режимін арттырған 20 777 факті тіркелді, яғни, алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есеге азайған. Ал 2018-жылдың аяғындағы дерекке сүйенсек, 4358-ге түскен. Қазіргі таңда соңғы 6 айдың қорытындысы бойынша 2274 оқиға анықталды, жыл соңына дейін былтырғы көрсеткішке жетіп қаламыз-ау. Бұл сандардан нені байқауға болады? 2018-жыл мен 2019-жылы ешқандай өзгеріс байқалмай отыр. Демек, әлі де бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту керек. Біз ары ойланyp, бері ойланyp, бұның себебін де анықтадық. Ол былай. Мәселен, үйдегі есептеуіш құрылғыларды екі-үш жыл сайын тексеруден өткізіп тұрамыз ғой. GPS те тура сол сияқты. Анықтағанымыздай, бұлардың жарамдылық мерзімі біткен екен.

**– Бұл құрылғыларды жөндеуге қыруар қаржы керек пе?**

– Иә. Дәл қазір 453 жаңа GPS жүйесі орнатылған. Өткен айдың қорытынды есебінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы басшысы және менің тарапымнан да барлық мекемелерге осы 453-імен жұмыс істеуді тапсырдық. Мысалы маусым айында 463 жылдамдық асыру фактісі тіркелген.

**– Пәлі, мұның барлығы тек көлік жылдамдығын үдетуге байланысты ма, әлде басқа да еңбек қауіпсіздігін сақтамағандар ма?**

– Тек көлікке қатысты. Өндірістік аймақта жылдамдықты 60 км-ден асырмау керек деген ішкі ережеміз бар. 2019-жылдың алты айында осы ережені ескермеген 85 адамға жазбаша ескерту, 46 адамға ескерту, 2 адамға сөгіс берілді.

**– Өсербай аға, соңғы 6 айдың ішінде басқа қандай қауіпсіздік ережелерін сақтамау оқиғалары тіркелді?**

– Соңғы 6 айдың ішінде 2 жазатайым оқиға тіркелді. Өткен 2018 жылы – 5. Сәл де болса азайып келеді. Шүкір делік. Өлгі 2 оқиғаға тоқталсақ, оның біреуі жұмыс орнында көтеріп-түсіру операциялары кезінде трубаны ұстап тұратын захватты ашып, дұрыс жаппағанның



22-бабының 11-тармағында «Егер жұмысшы еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін және жол қозғалысы ережелерін сақтамапса, жұмыс беруші еңбек келісім шартын бұзғандыққа құқылы» делінген. Бұны көп ұжымдастарымыз біле бермейді. Сол үшін 16 мекемемізге түсіндіру мақсатында хат жолданды. Біздің жұмыс – мақтайтын жұмыс емес, біздің тарапқа да наразылықтар болуы заңдылық. Біреуге жақсы не жаман көрініп жұмыс істей алмаймыз. Біздің мақсат – таңертең аман келген жұмысшыны кешке үйіне аман қайтару. Арам ойымыз осындай. Жақсы ойымыздың қандай екенін бағамдай беріңіз (күлді). Сондықтан «ақшадан бұрын өз денсаулығыңызды ойлаңыз» деп айтқым келеді.

Өркім өз қауіпсіздігіне өзі жауапты. Біз кабинеттерге т.б. жерлерде орналасқан айнарларға «Сіздің өміріңізге осы адам жауапты» деп жаздыртып қойдық. Өркім айнарға қарағанда өзін көріп, жауапкершілігін сезінсін деген ниет қой.

Биыл тағы бір басқарма ашсақ деген жоспарымыз бар. Мысалы тексеру, қадағалау кезінде жауапты әр маман бөлек-бөлек бармай, бір басқармада отырса, барлығы бірден барып әр учаскелер, объектілер толықтай тексеріле ме деген ой ғой.

**– Басшылыққа ұсындыңыздар ма?**

– Ұсындық. Үйлену оңай, үй болу қиын дегендей. Ашылуы оңай, ал бірақ өз деңгейінде жұмыс істеп, ілгері жүру үшін көп маңдай тер төгіп, ұжымдастарымызбен қоян-қолтық түсіністікпен жұмыс жасауымыз керек. Мысалы қазір біздің қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлеріміз бір кемшілік анықтап, оны басшылыққа айтайын десе, тілі қысқа. Ал басқарма құрылса, барды бар деп, жоқты жоқ деп айтатын қадағалаушы басқарма болмақ. Мен 16 басқарманы бір-бірінен бөле жармаймын. «Бәрің де менің балам сияқтысыңдар, біріңе қатты, біріңе жұмсақ сөйлеймін» деп айтамын. Өзімнің қасымда 13 адам жұмыс істейді, өндірісте 82



Оның әрқайсысы әр салаға жауапты. Бұған кілең сайдың тасындай іріктелген жауапты қызметкерлерді тарттық. Барлығының жұмысы қатаң бақылауда.

Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралардың бірі ретінде қала ішіндегі жарнама орындарына ірі билбордтардың ілінгенін айтқан болар едім. Одан бөлек, компания қызметкерлеріне 1000-нан астам плакаттар мен кітапшалар, күнтізбелер таратылды. Көзге көрінетін көрнекті жерлерге, есіктерге де ілінді. «Өзенмұнайгаздың» өзінде автобустар мен арнайы көліктер бар, барлығы 1400-ден астам техникаға «Еңбекті қорғау жылы» деген логотип орнаттық. Солардың бәріне кең көлемде ірі етіп жабыстырдық. Ұдайы еске салып тұрсыншы деп жұмысшылардың жұмыс формасына да логотип тіктірдік. 2018-жылы 13 жазатайым оқиға болды, соның себеп-салдарын жұмысшыларға түсіндіріп келеміз. Еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөнінде 16 мекемеге жиналыс ашып, жазатайым оқиғаны болдырмау мақсатында күнделікті үндеу қағаздарын таратудамыз. Насихаттау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Дәл қазіргі кезеңде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша оқыту сабақтарын өткізіп жатырмыз. Жұмысшыларды жыл сайын оқытамыз. Бірақ, екіншісі, соншама алдын-алу шараларының нәтижесін көрмей жатырмыз.

**– Бұл сөзіңізді нақты қандай оқиғаға сүйеніп айтып отырсыз? Жазатайым оқиғалардың қайталана беруінен бе, әлде қызметкерлердің емтиханнан сүрініп қалуынан ба?**

– Техника қауіпсіздігі бойынша емтихан тапсыратын кезінде қызметкерлердің жартысынан көбі құлап қалады, яғни тапсыра алмайды. Еңбек кодексінің 48-бабы бойынша емтихан тапсыра алмаған жұмысшы орнын босатуы тиіс. Алайда, бұл заңнама талабы осы күнге дейін біздің мекемеде сақталмай келеді.


**– Иә, біз «шиеттей бала-шағасынан обал» деп көбіне қазақшылыққа салынып жатамыз. Оның үстіне Жаңаөзенде жұмысшылар ызадан жарылардай боп жүргенде, көбіне жұмған аузымызды ашпайтынымыз рас.**

– Дұрыс айтасыз. Менің бұл қызметке келгеніме екі жылдан асты, бірақ жұмыстан шеттетіліп жатқан ешкім жоқ. Алайда, соңғы бір айдың көлемінде барлық мекемелерге хат жолдадым. Егер осылай жалғаса берсе, басшыларына шара қолдана бастайтынмыз дегенді білдірдім. Содан кейін ғана бұл бағытта жұмыс қарқын ала бастады. Емтиханнан сүрінген адам орнынан түсіп, бір-екі апта ақысыз демалыста жүрді. Ал өздеріңізге белгілі, қала тұрғындарының 70 пайызы несиеде отыр. Яғни, қалта мәселесі бірінші орынға шыққан соң адамдар өздері үшін әрекет ете бастады. Бұған параллель өмірден бір мысал келтіре кетейін. МАИ қызметкерлері бізге «белбеу тақпағанымыз үшін» немесе көліктің жарығын жақпағанымыз



кесірінен оператордың аяғын жанап өтіп, жараланды. Жазатайым оқиға ең жиі орын алатын жер – жерасты жөндеу жұмыстары кезінде, екінші себеп жұмысқа немқұрайдылықпен қарау. Мысалы, 8-12 бурандаманың орнына 3-4-еуімен тартып кету. Содан олардың арасы ажырап, сынып кетеді. Осының кесірінен жарақат алып жатқан адамдар да бар.

Бірақ, білесіз бе, қазір адамдардың санасын тұрмыс билеген заман, қайткен күнде де ақша өндіргісі кеп тұрады. Кезінде барлығымыз да осылай ойлайтынбыз (күлді). 2005-жылдан бері заңнамаларға өзгерістер енгізілуіне байланысты жазатайым алған жұмысшыларымызға тек қана МСЭК-тен мүгедектігі туралы анықтама алғанда оны да сақтандыру компаниясы төлейді. Еңбек Кодексінің



адам жүр, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлеріміздің жалпы саны 95 адам. Біздің жұмыс – тексеру, бақылау, айту, түсіндіру, насихат жұмыстарын жүргізу. Ал басшылар жұмысшылардың қауіпсіздігіне жеке жауапты. Негізі әр адам өз өміріне асқан жауапкершілікпен қараса, ешқандай да мәселе туындамайды. Бізде бір нәрсені бүлдірсе, дым болмағандай, өзге біреу оны байқаса, ол да көрмегендей өтіп кетеді.

Шетелдің компанияларында мүлде басқаша. Бір заңсыздық не ереже бұзушылықты камераға түсіріп жіберген адамға ғана төртіп бұзушы адамның 25 пайыз сыйақысын аударады. Бір-бірін қадағалатып қойған. Жұмыс сонда ғана жүреді. Сыйақыдан айрылып қалмас үшін барлығын дұрыс істейтін болады. Қазір ол компанияда ешкім ереже бұзбайтын дәрежеге жеткен. Бізге де осы тәжірибені енгізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қазір WhatsApp желісіне төртіп бұзған адамдардың суретін лақтырса, бірден шара қолданып жатырмыз. Сыйақыны түсіріп жіберген адамға аударуды заңдық негізде қарастыру керек.

Оқыс оқиғалар кезінде не істеу керек, жедел-жәрдем мен өрт сөндіру қызметі неше уақытта келеді? Осы сұрақтардың төңірегінде оқу-жаттығу өткіземіз.

Ай сайын 4 басқарманы ПДК тексеріп отырамыз. Көптеген кемшіліктер анықталды. Ол кемшіліктерді жою үшін арнайы іс-шара дайындаймыз. Сосын оның орындалуын қадағалаймыз. Соңғы алты айдың ішінде біздерді екі мемлекеттік орган тексерді. Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік Комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті 143 және Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар басқармасы 282 кемшілікті анықтады. Оның себептері көп, жауапты қызметкерлер жұмысына дұрыс қарамайды. Екеуінің де 60 пайыз кемшілігін түзеттік, қалғандарын түзету үшін жылдың аяғына дейін уақыт бар.





# ЕКІ АСХАНА, КҮН мен КӨЛЕҢКЕ



№1 асхана ұжымы

**Қазақта «ауру – астан» деген керемет сөз бар. Ырасында да, мұнай саласында ыстық пен суықта ел игілігі үшін жұмыс жасап жүрген мұнайшылар үшін тамақ құнарлығы аса маңызды екендігі айтпаса да түсінікті. Денсаулықтың жақсы болуы – адамның дұрыс тамақтануына байланысты.**



ӨЭМБ асхана ұжымы



Күнсұлу Әйтешова

Дұрыс тамақ ішу – адамның күшін арттырып, қанын көтереді. Күші мол адам өндіріс жұмысына шыдамды келеді. Мұнайшыларымыздың қандай ас ішіп жүргенін білу мақсатында №1 (№3МГӨБ) және ӨЭМБ асханаларына бас сұққан болатынбыз. Екі асханадан екі түрлі көңіл-күймен шықтық. Адам қашанда үй иесінің тамағынан бұрын қабағын бағады емес пе?! №1 асхана меңгерушісі Амангүл Тышқанбаеваның көңіл-күйінің жоқтығы бірден байқалды. Осы асханадан тамақтануға келген №3МГӨБ жұмыскері Күнсұлу Әйтешова тамаққа көңілі көншімейтінін алға тартты. Ол тамақтың құрамы дұрыс емес, осы асханадан тамақтанғандар асқазанында қызыл пайда болатынын айтады. Жап-жас жігіттердің көбісі өттерін алдыртып жатыр... – десе, ӨТҚЖЖБ жүк ілдірушісі Жасұлан Мусин «аспазшылардың тамақтанушыларға деген қарым-қатынасы салқын. Тамақтануға



Жасұлан Мусин



Қосай Оңғаров



Бүркіт Ақнұров

бас сұққанда жылы сөйлеп, жарқын қабақ танытса, нұр үстіне нұр болар еді» – деп өз қынжылысын білдірді.

Света Беркуталиева басшылық ететін ӨЭМБ асханасынан тамақтанушылар аспазшылар ұжымына өздерінің шексіз алғыстарын білдіріп жатты. «Күніне 220 адамды тамақтандыру, олардың көңілін табу оңай шаруа емес. Қолымыздан келгенше барынша тырысамыз. Таңғы сағат 5.00-де осы пештің қасынан табылып, үйлеріне қас қарая барып жүрген аспазшыларға шексіз алғысымды білдіремін. Тамақтанушылар бізге риза. Арнайы кітапшамызға жазбаша алғыс жазып кетеді. Қазақ «жақсы сөзге жан семіреді» – дейді. Олардың ризашылығы бізді жұмысқа ынталандырады. Сүйіспеншілікпен пісірілген астың сіңімді әрі тәтті болатыны белгілі» – дейді аталмыш асхана меңгерушісі. Осы асханадан тамақтанып жүрген «КенҚұрылысСервис» ЖШС жұмыскері Қосай Оңғаров «түскі асқа пісірген тәтті мен көмпит берсе» деген ұсынысын жеткізді. Ал №2 СҚБ автослесарі Бүркіт Ақнұров «асхананың тамағы ұнайды. Ас мәзір үнемі өзгеріп тұрады. Аспазшы қыздар сыпайы, жайдары қарсы алып, күліп шығарып салады» – дейді.





«МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»

**К**еше кемпірінің 7 күндік садақасын берген Құрман шал ауыз үйде бүк түсіп жатыр. Қаумалап, жұбату сөзін айтып, шаруасын атқарысқан тумаластар мен ағайындардың тірлікте миллион шаруасы бар болып шықты. Садақа тарасымен бәрі үй-үйлеріне кетті. Қасында қолдағы қара баласы мен келіні, немерелері қалды. Келін бір мың болғыр бала. Аяғының ұшынан басып, бұның қас-қабағына қарайды. Алаңғасар баласы дабырлап сөйлей бастаса, келіні білінер-білінбес қабағын шыта қояды

Адам деген қызық қой... Тіріде қадірі жоқ, бірде ренжісіп, бірде шүйіркелесіп жататын кемпірінен айырылып қалып, кең дүниеге сыймай, жаны құлазып жатыр. Басына қайдағы-жайдағы ойлар келіп, әбден мазасын алады. Ой деген де бір апан екен. Ішіне бір түсіп кетсең, шығуың қиын...

Құрман жас кезінде ішті де, түнде үйге қонбай, бірнеше күн қаңғып та кеткен кездері болды. Сонда деймін-ау, үйге келгенде бесік жанында өзіне жаудырай қараған келіншегіне бір жылы сөз айтпақ түгілі, жылы қабағын да қимапты-ау.

кемпірі бір апта ауырып жатты да, ешкімге ауыртпалық салмастан, барса келмеске аттанып кете барды. «Шіркін-ай, менің кемпіріме айтатын әңгімем көп еді ғой!» – деген еді бұл ішінен күбірлеп, бірте-бірте суып бара жатқан денеге қарап сенерін де сенбесін де білмей...

«Жас кезімде азар берген істеріме өкініп, кешірім сұрайын деп жүр едім. Үлгермей қалдым-ау!» – деген ащы өксік не әрі кетпей, не бері кетпей кептеліп тұрып қалды.

Шіркін, қазақтай жұбатуға шебер халық жоқ шығар жер бетінде. Бәрі қаумалап келді, жылады. «Ажархандікі той ғой. Балаларының бәрі аяқтанды. Немере сүйді, жиен сүйді. Оның қасында он екіде бір гүлі ашылмаған жастар да кетіп жатқан жоқ па?!» – дегендер де болды. Бұл кім не айтса да басы салбырап үндемеді. «Қайтсын-ай, 50 жыл бірге тұрған қосағы ғой. Оңай емес...» – деп мүсіркеп жатқандардың сөзін де құлағы шалды.

Ұйқылы-оюу жүргендей күй кешіп жүрген Құрман шал мәйітті жер құшағына беріп жатқанда селк етті. Жаны шырқырап мұрнының ұшына келді. Қимас жанның дем арасында өзін тастап, кете барғанына көңіл шіркін сенгісі келмейді. Үйге келгесін де есі кіресілі-шығасылы күй кешті. «Өзекті жанға бір өлім» – деген сөзді ішінен қайта-қайта қайталайды. Кемпірі өзімен бірге бұның да жанын алып, тек қуыс кеуде тәнін тастап кеткен сияқты. Сөйлейін десе сөйлей алмай, отырайын десе отыра алмай, жүрейін десе жүре алмай әрқилы күйге түсті. Әр-берден соң елден ұялды. Ойпырм-ау, талай қаралы үйге кіріп, жаттанды сөздермен көңіл айтып жүріп, қайғыдан қан жұтып отырғандардың көңіл-күйіне аса мән бере бермепті. Тас түскен жеріне ауыр деген осы екен?! Өз үйі өзіне жат болып, кең дүние тарылып, тырс етсе, жарылып кете жаздап тұрған өзіне-өзі өздер ие болды. Ата сақалы аузына түскенде жастар алдында дауыстап жылап абыройсыздыққа ұшырамасам нетті – деген сумаңдаған ой келді басына. Енді өзін ешкімнің кішкентай кемпіріндей қадірлемейтінін, баптамайтынын, күтпейтінін ойлады. Енді ешкім өзін «отағасы-ау, шайыңа келсеңші, суып қалатын болды ғой» – деп шақырмайтынын ойлады. Тіпті ойдан басы ісіп, үлкейіп бара жатқандай сияқты. Түпкірдегі бөлмесіне кіріп, ішінен Аллаға мінәжат етіп, дұға оқи бастады. Біраздан соң, жүрегі тынышталып, бойы сергіді. Көпшілікпен бірге дастарқан басына отырып, шай ішкен болды. Шай ішті дегені болмаса, кеседегі шайдың дәмін сезбеді. Кемпірімен бірге астың дәмі де кешіп кеткен сияқты. Қасындағы адамдардың жыбырлаған ауыздарына таң қала қарады. «Бұл шіркіндер не тауып айтып жатыр екен. Ауыздарына бір тыным болсашы» – деп ойлады.

Елу жыл отасқан кемпірін жер қойнына беріп, өзінің қалқып дастарқан басында отыруы сатқындық сияқты болып көрінді. Неше күннен бері ас ауыз тимегені есіне түсіп, қуырдаққа қолын созбақшы болды да, кідіріп қалды. Басына қайғы түскенде жанына жалау болған көпшіліктен шаршаған сияқты. Оңаша қылғысы келді. Қазақтың «қатын өлді, қамшының сабы сынды» дегені қай сандырағы екен? – деп таңқалды. Адам да тисе терекке, тимесе бұтаққа деп сөйлей береді екен ғой деп налыды қаймана қазаққа.

Кешке аулаға шыққан, әшейінде құйрығын бұлғандатып жүгіретін, Құтжол да жетімсіреп қалғандай көрінді. Тізе бүгіп, орындыққа отырды. Күздің желі қойны-қонышын аралап, денесі тоңазыды. Бір кезде артынан келіп, нәзік қолдарымен кішкентай немересі, кемпір екеуінің арасында ұйықтап жүрген Нұржаны құшақтамақшы болып жабысты. Өзі өксіп жылап тұр...

«Ойбу, бұл алжыған өзімен-өзі болып, Нұржанын ұмытып кетіпті ғой. Кемпірі көрсе, не дер еді...». Құрман шал орнына ширақ көтерілді де, баланы жерден дік еткізіп көтеріп алды. Немересі қыстыға жылап, тас қылып құшақтап алды. Әжесі тойға барса да, базарға барса да қасынан бір елі ажырамай тайраңдап жүретін ерке бала жүдеп қалған сияқты. Кемпірдің кеткені тек бұған ғана емес, немерелеріне де бататынын нағыз ойламаған. Түнде әжесі ертегі айтпаса ұйықтамайтын бала бұдан пана іздеп, шағынып тұр. Тер иісі бұрқыраған немересін еміріне иіскеп тұрып «Иісі неткен тәтті еді күштің» – деді шал еріксіз сүйсініп... Немересінің адамгершілігіне іші жылып қалды. Аллаға мың да бір шүкіршілік еткен Құрман шал немересін түсіріп алатындай қатты қысып, қалбандап, үйге беттеді. «Небір-небір керемет ертегі білетін әжесі енді жоқ. Бұл күшкікке қандай ертегі айтсам екен» – деп ойланып бара жатқан шалдың көзінен екі тамшы жас үзіліп түсті...



МҰНАЙШЫЛАР ЖАСАЙ БЕР!

Ерінбей еңбек ететін,  
Талабы көкке жететін.  
Жаңаөзендік мұнайшы,  
Абыройы артып, – өсетін.

Мұнайшылар ардақты,  
Ақындардың жырысың.  
Өндіретін қара алтын,  
Халқымның байлық, –  
ырысын.

Қайырмасы:

Жаңаөзен қаласы,  
Мұнайшылар мәңгілік  
мекені.  
Жыл өткен сайын алға  
жетелеп,  
Береке, бақыт өседі.

Қиындықтан қашпаған,  
Әрдайым халқы  
мақтаған.  
Мұнайшылар жасай бер!  
Әділдікті  
жақтаған.

ДЕЙСІҢ БЕ?

Бесікте жатқан жас сәби,  
Бір күндері болғанда,  
Азамат боп ақылды,  
Ел басқармас дейсің бе?!

Жауыз жандар бір күні  
Жазасыз қалар дейсің бе?!

Қара боран қыс өтіп,  
Арқаны кеңге салатын,  
Жадыраған жайдары,  
Жаз да шықпас дейсің бе?!

Бір балаға зар болып,  
Қайғыменен күн кешкен  
Жабығып жүрген жанұя  
Бір күндері болғанда  
Құдіретімен Алланың  
Сәби сүймес дейсің бе?

Күн көрістен қиналған,  
Жарлымын – деген жігіттер  
Бір күндері болғанда  
Еңбек етіп аянбай  
Байып бір кетпес  
дейсің бе?!

Күліп саған қараған,  
Қасыңа келген бір адам  
Ұялмастан доспын – деп  
Бір күндері болғанда  
Қастық қылмас дейсің бе?!

Момын да болып көрінген,  
Тұңғиық ойға берілген.  
Үндемей жүрген адам да  
Мінезге баспас дейсің бе?!

Арық малың қолдағы,  
Аянбай бақсаң жем беріп,  
Бір күндері болғанда,  
Семірмейді дейсің бе?!

Тұлымшағы желкілдеп,  
Асыр салып ойнаған  
Кіп-кішкентай ерке қыз  
Бір күндері болғанда  
Сылаңдаған сұп-сұлу  
Ару болмас дейсің бе?!

Төсек тартып жатқанда,  
Сырқатты дұрыс емдесең.  
Бір күндері болғанда  
Жазылмасын дейсің бе?!

Жамандық күнде ойлаған,  
Тақаппарлығын қоймаған


Бес уақыт намаз оқысаң,  
Алланың жолын ұстанып,  
Имандыққа ұмтылсаң,  
Тамұққа барам дейсің бе?

Еңбек етсең ерінбей,  
Өзіңше болып бөлінбей  
Жүрсең сен алға талпынып,  
Қатардан қалам дейсің бе?

Адамға қымбат көрінген,  
Бір-ақ рет берілген,  
«Жалған дүние» атанған  
Өмір бітпес дейсің бе?!

Нұрлан БЕКЖАНОВ,

ӨЭМБ,  
Еңбекті қорғау  
және қауіпсіздік  
техникасы  
инженері



Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ҚҰРМАН ШАЛ



(ӘҢГІМЕ)

Балалар өз-өзінен өсіп жатты, қашан келсе де шай қайнап, тамақ пісіп тұрады. Кірі жуулы, төсегі жиюлы. Осы күнге дейін жарықтық өзіне «мен мынаны кимедім, мынаны ішпедім» – деп әңгіме айтып көрмепті. Қашан көрсең де екі аяқтың үстінде... Малға жем беріп жатады, тауықтарға дән шашып жүреді, келінмен қабаттасып тамақ пісіріп жатады. Немерелерін айналып-толғанып жатады. Бәріне үлгереді. Бұны да жас балаша баптайды...

Мұнайшы баласы осыдан бір жыл бұрын келіннің нұсқауымен «апа, біз үшін отқа да, суға түсіп жүргеніңіз. Бір демалсаңызшы!» – деп Сарыағашқа жолдама әкелгенде, марқұм қысыла күлімсіреп «ойбу, шырағым-ау, жолдаманы әкең тұрғанда маған бергенің неткенің» деп абдырағаны есіне түскенде Құрман шалдың жүрегі шаншып кетті. Өмірі далаға шығып көрмеген кемпірін бәрі әуірімдеп жүріп көндіріп, қолына түйіншегін беріп, пойызға отырғызып жіберген. Сол кездегі қылығы есіне түссе, я күлерін, я жыларын білмейді. Күн өтпей жатып кемпірін сағынғаны... Қаралай баласына ренжиді. «Нағашысына тартқан сараң ит, алғасын жолдаманың екеуін алса, несі кетеді. Жұмыртқадан жүн қырыққан неме!» – деп еш жазығы жоқ баласын іштей сөгіп, қаралай шаршап қалды. Санаулы күн өтіп болмады... Курортқа аттанған кемпірі ырғалып-жырғалып ауылға әзер жеткендей көрінді. Немерелеріне әкелген тәттілерін үлестіріп жатып, жымың-жымың етеді. Сол сәтте ұят та болса, кемпірін қаумалап, жан-жағынан жұлқылап жатқан немерелерінен қызғанып кетті. Кемпірі бұған тақия мен мәсі әкеліп берді. Бұл балаша мәз болды. Алғанды кім жек көреді?!

Сол күні кемпірі екеуі терлеп-тепшіп ұзақ шай ішті. Жер-көрді әңгіме етісіп, біраздан құрысып жүрген денесі жазылып, қуанып қалды. Кемпірі келіп, үйі толып қалды. Сөйткен





## ТӘРТІП-ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Қазақтың  
батыр ұлы Бауыржан  
Момышұлының «Тәртіпсіз ел  
болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды»  
– деген қанатты сөзі бар. Барлық нәрсе тәртіптен  
басталамақ.



Тәртіп – жұмысқа уақытында келіп, уақытында кетуден басталады. Тәртіп – өндірістік аймаққа жеке келікпен баруды тоқтатудан басталады. Тәртіп – жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі туралы қарапайым ережелерді қатаң сақтаудан басталады. Кейбір әріптесіміздің өз көлігімен жүргенімен қоймай, жұмыстан ерте кетуімен қоймай, жолда жылдамдықты арттырып, тәртіп сақтамауы – өз өміріне қауіп төндіріп, әр түрлі келеңсіз жағдайға тап болып жатқандығы жасырын емес.

«Сен үнсіздікті сақтасаң, үнсіздік сені сақтайды!» Сен тәртіп сақтасаң, тәртіп сенің өміріңді сақтайды. Мұнайшының санасы өзгермей-оның жан-дүниесі өзгермей-компаниядағы хал-ахуалды өзгертемін деген бекер сөз.

Әрбір жаңа күн-адамның өзгеруіне берілген жаңа мүмкіндік. Адам өзін өзгертуді жақсы ой ойлап, жақсы сөз айтудан бастамақ ләзім. «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, Әдетің – мінезіңе айналады. Мінезің - сенің тағдырың» – дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Ішкі тәртіп күшейсе, компания рейтингісі өсіп, озық компаниялар қатарына енеді. Мұнай жоспары орындалып, ісіміз ілгерілейді.

Адамның пиғылы оң болса, оның ісі оңға басады, мәртебесі артады. Ал пиғылы теріс болса, ісі кері кетеді. Таңдау өз қолымызда!

### ОЙМАҚТАЙ ОЙ

**«ЕРДІҢ ДЕ, ҚАТЫННЫҢ ДА ӨЗІНЕ ТИІСТІ МІНДЕТТЕРІ БАР. ТИІСТІ МІНДЕТТЕРІН ДҰРЫС БӨЛІП АТҚАРСА, ОНДА ҚУАНЫШ ТА, ӨМІР МӘНІ ДЕ ТОЛЫҚ БОЛАДЫ» – ДЕЛІНГЕН ҚҰРАНДА.**



Ардагер-мұнайшы, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Қайырбек Елеусіновтің әкесі Сағынбай Сариев ақсақал 90-ға келген жасында татар дәмі таусылып, фәни жалғаннан, мәңгілік дүние бақиға көшті.

Әріптесіміздің қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. «Өмір өткінші» – деген осы. Бұл дүниеге «келу бар да, кету хақ». Мәңгілік ештеңе жоқ.

«Бұл жалғанда кім қалмақ, жұтады бәрін жер жалмап» – дегендей әркімнің дүниеден өтері белгілі, ендеше артының қайырын бергей.

«Қариясы кімнің бар болса, жазулы тұрған хат болар». Дүниеден өткен қазыналы қартымыз Сағынбай атамның әрбір өнеге өсиеті, тәлім-тәрбиесі өскелең ұрпақтың өміріне үлгі болып қалары сөзсіз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай. Ақсақалдың сабыры мен санасы, өмір жасы артындағы ел-халыққа нәсіп болғай. Қаралы шаңырақ, қуанышпен жалғасып, ұрпағы өсіп-өніп, жапырағы жайылып, тамыры тереңдей бергей!

«Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы



«ВВА-Кендірлі» ЖШС ұйымдастырған Кендірлі демалыс аймағында орналасқан «Ақбөбек» балалар лагерінде қазіргі таңда өзенмұнайгаздық мұнайшылардың 300 баласы рақаттанып дем алып жатыр. Осы 300 бала мен 10 күндік «Медикер» сауықтыру орталығында демалып жатқан 100-ге жуық мұнайшыларға тамақ әзірлеп отырған «ВВА-Catering» ЖШС директоры Жаңыл Шырақбаева «Біздің лагерге қатарынан бірнеше жыл келген «Ақбөбек фанаттары» бар екен. Олар біздің пісірген тамақты тауысып жейді. Құмары қанғанша ойнайды. Қызықты үйірмелерге қатысады. Дос табады. Үйде таңның атуы мен күннің батуы ұялы телефонға жабысып отыратын балалар жүгіріп ойнап, теңізге шомылып, бір жырғап қалады. Біз балалардың тамақты тауысып жеуін жіті қадағалап отырамыз. Түнде ұйықтап жатқан балаларға күтушілер бөлінді. Түнде балалар ашылып қалуы мүмкін немесе ұйқысырап көруеттен құлап қалуы ықтимал... дегендей ғой» – деп күлімсіреді.



## «АҚБӨБЕКТЕГІ» БАҚЫТТЫ БАЛДӘУРЕН ШАҚ

Жаңыл бастаған аспазшылар алғашқы күні балалардың тамақты тауыспағандарына қатты таңқалып, себебін анықтау үшін оларды бақылауға алады. Сөйтсе, балалар шөліккеп келіп, бірден компотқа бас қояды екен. Асқазаны су-суанға тойып қалған балалар тамақ жей алмай қалатын көрінеді. Бұдан кейін лагерь аспазшылары компотты, өзге де сусындарды тамақ ішіп болғаннан кейін беретін болады. Асхана мәзірі күнде түрленіп тұрады. Аспазшылар нанның өзін түрлендіріп пісіру үшін итальян техникасын сатып алыпты. Сүйіспеншілікпен пісірілген тамақтың дәмді болмағы о бастан белгілі.

Лагерь басшысы Юсуф Қонақбайұлы құрылысы бітпеген аква-парк іске қосылса, балалар үшін керемет болатындығын айтты. «Ақбөбек» лагерінде демалған балаларға ғана берілетін, сатылымда жоқ, саны шектеулі футболка мен бейсболка киген балалардың жарқын жүзі мен сыңғырлаған күлкісі лагерь тыныс-тіршілігімен танысу үшін барған БАҚ өкілдеріне де «жұғып» кетті.

Жаңыл Қойшыбаева «осы жер менің өзімнің тыныштық аралым десем де болады. Мен балалардан күш аламын. Олардың аурасы керемет. Қалаға барсаң бір жаққа үлгермей, шаршап-



шалдығып, жанталасып жүрген адамдарды көріп, жаным ашиды. Бұл жерде асығу, ашулану, күйіп-пісу жоқ. Адам рақаттанып, кез келген нәрседен ләззат алып, жан тыныштығына бөленіп, бақытты өмір сүреді. Үнемі балалардың күлкісі естіліп тұратын жұмақ аралынан алысқа ұзағым келмейді» – дейді. Ол осы демалыс аймағында күзгі, қысқы каникулдарда да үздік оқушыларға арнап демалыс немесе олимпиадалар ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болар еді, – деген ұсынысын айтты. Иә, қазақта «қалауын тапса, қар жанады» – деген керемет накыл бар емес пе?! Балалар – біздің болашағымыз, ал болашақтың керемет болуы – бүгінгі істеген ісімізден көрінеді.

Лагерьде демалып жатқан Жеңіс Салақбай мен Ақерке Қонарбай өз әсерлерімен бөлісіп, осындай демалыс ұйымдастырған ағаларға алғысын білдірді. «Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» – демекші, қолдан келсе балаларға қуаныш сыйлағанға не жетсін, шіркін!